

Республикалық бюджет қаражаты есебінен республика азаматтарын шетелге емделуге жіберудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 326 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 2016 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.04 N 2016 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Республика азаматтарын шетелде емдеуге бөлінетін бюджет қаражатын жұмсауды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

Ескерту. Кіріспе өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджет қаражаты есебінен республика азаматтарын шетелге емделуге жіберудің ережесі бекітілсін.

Ескерту. Тақырыпқа және 1-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі бір ай мерзімде Республика азаматтарын шетелге емделуге жіберу жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлесін және бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 9 а қ п а н д а ғ ы

N 3 2 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен республика
азаматтарын шетелге емделуге жіберудің ережесі**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

1. Шетелдік медициналық ұйымдарға емделуге жіберуге, оларға қатысты тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының емдеу-алдын алу ұйымдарында оң емдеу нәтижесі алынбаған

емдеудің барлық қолдануға рұқсат етілген әдістері пайдаланылған, ал шетелдік медициналық ұйымдарда оларға Қазақстан Республикасында қолданылмайтын қосымша немесе жаңа мамандандырылған медициналық әдістер қолданылуы мүмкін уәкілетті орган бекіткен аурулар тізбесіне енгізілген аурулардан зардап шегуші азаматтар жатады.

Ескерту. 1-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының, азаматтардың денсаулығын сақтау саласына басшылықты жүзеге асыратын және "Науқас адамдарды шетелде емдеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының әкімшісі болып табылатын, уәкілетті орталық органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) республика азаматтарын шетелдік медициналық ұйымдарға емделуге жіберу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрады.

3. Комиссия өз қызметін, осы Ереже мен уәкілетті орган бекіткен, Республика азаматтарын шетелдік медициналық ұйымдарға емделуге жіберу жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес жүргізеді.

4. Комиссия азаматтардың өтініштерін мынадай құжаттардың:

1) аумақтық денсаулық сақтау органының шетелдік медициналық ұйымдарға емдеуге жіберу туралы өтінішінің;

2) республикалық мамандандырылған медициналық ұйымдардың қорытындысының;

3) негізгі және қосымша ауруларды, диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін, жүргізілген емдеу курсына көрсету арқылы ауру тарихынан егжей-тегжейлі көшірменің;

4) денсаулық сақтаудың жергілікті аумақтық органдарының бас бейіндік мамандары қорытындысының;

5) уәкілетті органның бейіндік штаттан тыс бас мамандары қорытындысының негізінде қарайды.

Егер жоғарыда көрсетілген құжаттардың біреуі болмаса, комиссия құжаттарды қарауға қабылдамайды.

Ескерту. 4-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

5. Комиссияға құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде екі данада ұсынылады.

6. Осы Ереженің 4-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде комиссия республика азаматтарын шетелге емделуге жіберудің орындылығын құжаттар түскен күннен бастап 7 күннің ішінде анықтайды.

Комиссия, сондай-ақ науқасты алып жүретін адам болуының негізділігін, науқас пен оны алып жүретін адамның жол жүру қаражатын қарастырады.

Ескерту. 6-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14 N 1206 қаулысымен.

7. Комиссия өзінің шығарған шешімі туралы өтініш берушіге жазбаша хабар береді. Хабар мен комиссия қорытындысының үлгілерін уәкілетті орган б е л г і л е й д і .

Комиссияның белгіленген үлгідегі қорытындысының негізінде уәкілетті орган мен шетелдік медициналық ұйым арасында ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалады.

Ескерту. 6-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14 N 1206 қаулысымен.

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

10. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

11. "Ауруларды шетелде емдеу" республикалық бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

12. Уәкілетті орган аумақтық Қазынашылық органына белгіленген тәртіппен м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р :

1) комиссияның қорытындысын;

2) шарттың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.11.14 N 1206 қаулысымен.

13. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14 N 1206 қаулысымен.

14. Комиссия ақшалай қаражат бөлгеннен кейін азаматқа үш жұмыс күнінің ішінде шетелдік медициналық ұйымда емдеуге қабылданған шешім туралы және заңдарда белгіленген тәртіппен шетелге шығуға рұқсатты ресімдеу қажеттігі т ұ р а л ы ж а з б а ш а х а б а р л а й д ы .

Ескерту. 14-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14 N 1206 қаулысымен.

15. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

16. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелге емделуге жіберілген республика азаматтарының баруға және келуге арналған визалық құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетеді.

17. Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлген ақшалай қаражатты конвертациялайды және оны шетелдік медициналық ұйымға аударады.

18. Шетелдік медициналық ұйымда емдеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары немесе оларды алып жүрген адамдар аумақтық

денсаулық сақтау органдарына мынадай құжаттарды:

- 1) жүргізілген емдеудің құнын растайтын құжаттарды;
- 2) шетелдік медициналық ұйымның науқасты емдеудің онан арғы тактикасы жөніндегі ұсынымымен бірге ауру тарихынан көшірмені;
- 3) егер емделуге жол жүруді қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылатын болса, жол жүру құжаттарын ұсынады.

Науқас қайтыс болған жағдайда, оны алып жүрген адам немесе жақын туыстары болмаған кезде, жоғарыда көрсетілген құжаттарды уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ж і б е р е д і .

Ескерту. 18-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.

19. Аумақтық денсаулық сақтау органдары осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттарды науқасты шығарған сәттен бастап 1 ай ішінде шетелдік медициналық ұйымда жүргізілетін емдеудің нәтижелері туралы хаттаманы ресімдеу үшін комиссияға ұсынады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1206 қаулысымен.